



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2019 жылғы 26 желтоқсандағы
№ ДС-206*

Құрметті депутаттар!

Сіздердің сақ патшайымы Томирис пен парсы билеушісі Кир арасында болған шайқастың орнын айқындауға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні мәселені зерделеу мақсатында Алматы қаласындағы Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жанында М. Әбусейтова, З. Қабылдинов, Е. Өжкенов, М. Алпысбек, З. Дүкенбаева мен А. Жұмаділ сынды жетекші отандық тарихшылардан құрылған арнайы ғылыми-зерттеу тобы құрылды.

Ғалымдар сіздер көтерген мәселені ғылыми зерттеудің негізділігін жан-жақты зерттеп, нақты ұсыныстар әзірлейді. Оң шешім қабылданған жағдайда ғылыми-зерттеу тобы Білім және ғылым министрлігіне гранттық қаржыландыруға қатысуға өтінім енгізеді. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізілгеннен кейін өтінімді «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес тиісті ұлттық ғылыми кеңес конкурстық негізде қарастырады.

Массагеттер мен парсылар арасында болған шайқастың орнында ескерткіш орнату мәселесі ғылыми зерттеулер аяқталғаннан кейін заңнамада белгіленген тәртіппен пысықталады.

Сіздердің сауалдарыңыз бойынша Білім және ғылым министрлігіне ғылыми-зерттеу тобы жұмысының қорытындылары туралы Үкімет пен депутаттық корпусы хабардар ету тапсырылды.

А. Мамин

*Орынд. Ә.Е. Тұрғанбаев
Тел.745674*

**Депутатам Мажилиса
Парламента Республики
Казахстан
(по списку)**

*На № ДС-206
от 26 декабря 2019 года*

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно определения места сражения между сакской царицей Томирис и персидским правителем Киrom, сообщаем следующее.

На сегодняшний день в целях изучения данного вопроса при Институте востоковедения им. Р. Сулейменова в городе Алматы создана специальная научно-исследовательская группа, в которую вошли такие ведущие отечественные историки как М. Абусейтова, З. Кабульдинов, Е. Ужкенов, М. Алпысбек, З. Дукенбаева и А. Жумадил.

Ученые всесторонне изучат обоснованность научного исследования поднимаемого вами вопроса и подготовят конкретные предложения. В случае принятия положительного решения научно-исследовательская группа направит в Министерство образования и науки заявку на участие в конкурсе на грантовое финансирование. После проведения государственной научно-технической экспертизы заявка в соответствии со статьей 26 Закона Республики Казахстан «О науке» будет рассмотрена соответствующим национальным научным советом на конкурсной основе.

Вопрос установления памятника на месте сражения между массагетами и персами будет проработан после завершения научных исследований в установленном законодательством порядке.

По вашему запросу Министерству образования и науки поручено информировать Правительство и депутатский корпус об итогах работы научно-исследовательской группы.

А. Мамин

Исп.: А. Турганбаев, 74-56-74